


Элия ІҢКӘРБЕК



Тәуіртаяу



Әлия ІҢҚӘРБЕК

ТӘҢІРТАУ

*Райондегі ауданың
орталық көмекші -
насона еркесе
зерттеушілік !*

автор.

Жүлдө

Алматы
11. 08. 2015.



ӘОЖ 821. 512. 122
КБЖ 84 (5 Қаз)-44
I-15

I-15 **ІҢҚӘРБЕК ӘЛИЯ.**

ТӘҢІРТАУ. Өлеңдер/Әлия Іңқәрбек.
— Алматы: “ҚАЗАқпарат”, 2015, – 72 б.

ISBN 978-601-03-0202-0

Балауса қалам иесі Әлия Іңқәрбектің бұл жинағына туған жер, сырлы сезім жайлы терең мағыналы отты жырлары еніп отыр.

ӘОЖ 821. 512. 122
КБЖ 84 (5 Қаз)-44

ISBN 978-601-03-0202-0

© «ҚАЗАқпарат», 2015



АҚ БАТА

Әлия қасиетті Хан Тәңірінің бауырында дүниеге келген екен. Әрине, мұндай жерде өмірге келіп, мынау жарық дүниеге ақынша баға беріп, ақынша толғанбауы еш мүмкін емес сияқты. Әлия кітабының атын «Тәңіртау» деп атапты. Балауса қалам иесінің жүрегі болашақта терең, мағыналы жазулармен, яғни отты, асау жырлармен зерлене, зерделене түседі деп сенеміз. Оның Мұқағалидың ізімен жазылған «Менің анкетам» деп аталатын жырынан үзінді оқып көрейікші:

– Туған жерің?
– Кегенненмің!

Кеген менің – тұрағым.

– Туған жылың?
– Мың тоғыз жұз тоқсан жеті.
Оның несін сұрадың?!

– Білімің ше?
– Орташа ғой.
Болар әлі жоғары.
– Ал тағдырың?



– Тағдыр – қатал!
Білерім тек, басыма бақ қонады.

Міне, әлі оңы мен солын танып болмаған жауһазын жас осылай толғанады. Осы екі-ақ шумақ өлеңге Әлияның барша болмысы сиып тұр. Менің көз алдыма қатал тағдырмен алыса жүріп өз арманы, өз бақытына жетер қазақтың қайсар қызы елес берді. Үлайым солай болғай. Әлияға ақ жол тілеймін.

*Нұрлан ОРАЗАЛИН
акын,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.*



КЕЗДЕСУ

**Шың басын үнемі тұман
бүркеп тұрады.**

Тәңіртау Тұман-қызыға ғашық секілді...

Тәңіртау,
күншілдер қояр ма күндеуін,
Бәрібір өзіңсің қырдағы ән.
Асқақтық сорың бол жүргенін,
Білмейді бұл ғалам.

Жалғызбын дейсің ғой, мұң сол ма,
Жасытқан ол мені бұрыннан.
Соншама биік бол тұрсаң да,
Көз жазып қалдың ба жұбыннан?

Сенікі - ұлгісі пандықтың,
Менікі - пенделік Жердегі.
Гүл терген тәбеңнен ән күттім,
Айыптай көрмеші сен мені.

Тұман-қыз әлі күн арбай ма,
Мұнартың, содан соң жақын кеп?
Киелім, сен жаздың мандағыға,
Ел мені таныса ақын деп.
Аспанға жүретін әмірі,
Бұлтыңа күн болып тығылдым.

**Өлмейтін жыр берген Тәңірі –
Әр мінез өзінің қызыңмын.**

**...Наз айтып кешіккен құстарға,
Сұрадым жанымның жарығын.
Тәңіртау Тұманын құшқанда,
Қарсы алдым күлімдеп Тау-ұлын!**





АСПАНТАУҒА АРНАУ

Әлең атты өр өлкеге ендім кең,
Маған осы асқақтықты бердің сен.
Бір көргенге қыран болып көрінер,
Құшағында балапаның мен білсем.

Уысымнан бақыт сырғып, қалды мұн,
Жылуынмен өлшенеді бар құным.
Тырысқанмен өзгертуге өмірін,
Адам сірә, таңдаған ба тағдырын?

Жараланған күйін кештім киіктің,
Тағдырым да дәл өзіңдей биік тым.
Тарам-тарам көздің жасы секілді
Жолмен жүріп бір ұлыңды сүйіппін.

Сандығыма сырым сақтап
келдім шын,
Өзің тыңда, мейлі сосын ел білсін.
Жүрегімді әкеп тұрмын кірлетпей ,
Себебі сен – мөлдірсің!

Маңдайдағы бұлтыңа өскен гүл едім,
Баурайдағы тасың сыңды ірі едім.
Арманынан аласа емес қызындың,
Тыңдашы бір тілегін!



АҚЫН

Біз кездескен жерде мына –
Ақын жүрген деседі,
Сұлулыққа жастайынан
жақын жүрген деседі,
Мұңайыпты, белшесінен бақытқа,
батып жүрген кешегі,
күндер үшін оралмайтын, сағымды,
Сөйтіп ол да уақытқа табынды.
Кенет, кенет әлдекімді сағынды,
Өлең жазды құлпытастың бетіне,
Жүз қайталап оқи берді өкіне.
Мезгілінде айтылмаған сөздері,
Сезім гүлін солдырғанын сезді енді.
Өмірі де өзгерді,-
Жіберіпті жүрек сырын сүргінге,
Жыр жазбайды ол бұл күнде!

Маңдайының бағы да жоқ бес елі,
Біз кездескен жерде осы,
Ақын жүрген деседі ...



ГҮЛ

Мәңгілік жадымда бала күн,
Екеуміз ойнаған қыр есте.
Жүрегін жаралап даланың,
Сыңарын жұлып ең бір өскен.

Мен сонда шаттыққа бөленгем,
Сезінбей сол гүлдің соларын.
Ал саған білмедім Өлеңнен,
өзге не сыйлауға боларын.

Жұлдызды жылдарым бөтендей,
Беймезгіл көгімнен Ай қашты.
Өмір деп атайды еken ғой –
Жалғыздық жеңетін шайқасты.

Қызғалдақ көп бүгін, белес көп,
Уақыт қой бәріне кедергі.
Сүйікті болудан емес тек –
Сүюден қорқамын мен енді.

Бір шоқ гүл – парағы үміттің,
Мен жүрмін сырымды жазып тек.
Құшақ гүл сыйлаған жігіттің,
Кім айтты жүрегі нәзік деп?



Ескірмес естелік – бала күн,
Қорғаным сен едің мұң ессе.
Мен жиі жеңіліс табамын,
Осынау күресте.





КЕШІРІМ

Менің ессіз сезімімді,
Жатырқады жыр бүгін.
Ұмыттырсам көз ілуді,
Кешір мені, құлдығым!

Тұн ұрлады құлкімді осы,
Мұң тұбіне батқан күн.
Сен мені ойлаң күрсінбеші,
Жүрегімді ап қалдым.

Кешір, Өлең, еркелікті,
Өмірімнің серті едің!
Күткенімнен ерте бітті,
Баяны жоқ ертегім.

Күн оянып, таң тарапды,
Дауа сепкен демімен.
Жазғаныммен жан жарамды,
Жаза алмадым сені мен.

Елік – көңіл елендеді,
Таудай талғам не теңім?
Кешірген сәт Өлең мені,
Өзімді-өзім кешемін!



ЖОҚТАУ

Біліп жүрейін –
Өзінің тау екенінді,
Ұсаққа жау екенінді,
Сенімнің зор жүгін артып,
жырыма тәу етерінді.

Ал сосын,
Тағдырдың тосқауылдарын,
Женбесін босқа мұндану –
ұғынып алып асқақтың әліппесінен,
Өмірге еніп кеткенім қалыпты есімде.

Аңсаған мені шаңқылдап
ана-қыраным,
Балапанымын.. Мен оның
жанарапындамын.
Мұқаның мұнда жоқтығы маған да
қиын,
Жалғыздан жалғыз жабырқап қалады
жаным.

Жалғаның жиі өзгерді-ау жоспары
мұлде,
Жөн емес, сірә, үшпаса қос тағдыр бірге.
Мұзбалақ ағам қалдырды өлеңін маған
Өзгертемін деп сен мұны босқа бұлінбе!

Қалықтап жүріп тарқайтын қарасам
қайғым,
Күзғыны қырғын, аспаным,
аласармайтын.
Тәу етерім де тірлікте тауым ол – Халқым,
Асыл халқыммен ешқашан таласа
алмаймын!





КЕГЕНІМ – МЕНИҢ ӨЛЕҢІМ

Мен деген ерке өренің,
Не көрсем бірге көремін.
Кеудемді жарып тұлаған,
Кегенім - аппақ өлеңім.

Теренде тарих дерегің,
Бір белгі қойсам деп едім.
Анамның адал сүтіндей,
Кегенім менің, Кегенім!

Жырымды гүл ғып егемін,
Сырымды жыр ғып төгемін.
Өзінен артық жер бар ма,
Оттан да ыстық, Кегенім?!

Хан Тәңір текстес өр елім,
Жанымды саған беремін.
Өлең ғып мені жаратқан,
Айналым сенен, Кегенім!

МҰНАРА

Абай Құнанбайұлына

Төбеден төніп тозақтың кәрі,
Қазаққа құмар азаттың бәрі.
Өтсе де ғасыр өзгермегендей,
Абайдың айтқан қазақтың жаны.

Адамизаттың байламы күйреп,
Сайтани ойлар сананы билеп.
Өсиет етіп өксіген Абай,
Жаннан да тәтті Алланы сүй деп.

Сөйлесе сөздің жүйесін білген,
Абайға Ардың киесі сіңген.
Қазаққа қазақ дос болсын деген,
Данаалық сөздің иесі сен ең.

Ұлы деп саған құрмет етемін,
Мұритім мен ем үмбет ететін.
Ұқтырып кеттің жүргегі барға,
Сұлуды сұю сұннет екенін.

Сарғайып сана, қарайып ірен,
Қан құсып өткен талайды білем.
Заманың мынау түсіне қарап,
Абай боп жылап, Абай боп күлем.



Кетпеді кімдер ғұламасынған,
Сөздері өтпей бұла ғасырдан.
Қарайды қазақ ғаламға бүгін,
Абайдың асқақ мұнарасынан.

Қол созған сыңды ғарыштан маған,
Мыңменен жалғыз алысқан Адам.
Мұнара соққан Ақылдан аппак,
Пайғамбар тектес данышпан-данам.

Мұнара тұрар құбылып неше,
Іріден ірі ірілік көрсе.
Пушкин мен Байрон, Гетёнің өзі
Бастарын иер тіріліп келсе.

Адами сана тұрмаса азат,
Алапат ойлар туласа азап.
Адамзат саған ұят болар ед,
Абайды егер тумаса қазақ.



ТАҒДЫР

Сәуірден Көктемін көріп,
Сәуірден өткенін көріп.
Жаңбырды жатсынды жаны,
Көз жасын төккенін көріп.

Күнәсі көктегі..
төніп,
Әлемге өкпелі болып.
...Сол сәтте сезінді өзі
Тамшыға кеткенін еніп.

Тамшыға бар мұңы тұнып,
Тамшыға барлығы тұнып -
Сезімі, сөзі мен Өзі,
Төгілді ән-жыры күліп.

Білмейді табиғат әлі,
Білмейді жамиғат әлі,
Әр күні сол бір арудың,
Тағдыры тамып жатады!

Тағдыры тамып жатады...



ЖАҢА ЖЫЛ

«Жаңа жыл күзден басталу керек, қалаң дай...
...Ал неге күзден басталу күрек?»

Білмейнің
Есенғали РАУШАНОВ

Мен үшін күзден басталып қойған,
Күтпеймін оны қаңтарда.
Жанымға бақта тасталып ойран,
Жаңа адам болдым сол таңда.

Күз келсе мұңды атырапқа кеп,
Жалғыздық жылап жатпайды.
Былтырдан қалған жапырақ та жок,
Таптайсың күзгі бақты әйгі.

Күзден кейінгі жауатын аппак,
Ұлпаның түсін өзің көр.
Көгершінге ұқсап қанатын қақпак,
Бір ғажап жаңа сезімдер.

Алданым-ау деп өзімді сөгем,
Арбады мезгіл деп кейде.
Гүл жұпарының өзі бір Өлең!
Күзді өткермесе көктей ме?



Тәтті тілекпен тасталу керек,
Таяқ жеткен жер – тағдырым.
Жана жыл күзден басталу керек,
Күзбенен бітіп барлығы!





КӨКТЕМ

**Жер мен Көк әп сэтте жақындағап кетіпті,
Мұң қүшқан бұлттар да
акын бол кетіпті.**

**Жүргегін кір шалған жандардың ойлары,
Жұптасып қыспенен бақұл бол кетіпті.**

**Шық емес өмірдің гүліне жыр тұнып,
Бар әлем орнында, орнында тіршілік.
Күн сүйсе бүр жарған өркенін,
Күлімдеп қояды бір шыбық.**

Сондықтан мен мына

**Көктемге құмармын,
(Ал қайтіп тыйымын салады бұған кім?!)
Көңлімді өксіткен өткенім ерісе –
Шаттықтан мен-дағы таситын
шығармын..**

**Сылдырын ән етіп еріді өзен-көл,
Еріді ең қимас аяулы кезеңдер.
Сезімнің салқынын тигізіп алдың ба,
Көктемің келді ғой, тез емдел!**



МЭСКЕУДЕҢ ХАТ

Ләйләнің сөзі

Ғазалды ғазиз ғұмырдың,
Тұмасы болдым тап-таза.
Жұпарын сездім жырыңың,
Оқымасам да жастана.

Дәуір мен ғасыр тартысты,
Неше жыл мені жыр еттің?!
Мәскеуде соқты жартысы,
Сендергі сырбаз жүректің.

Жырыңды сүйем, Өзіңді,
Жалғанға жанын жықпаған.
Көзіңе, тұнған сезімді,
Айыбым шығар үқіпаған.

Жок еді түк те бұлінген,
Қарамап едім асқақ тым.
Ғарышқа кеткен күніңнен,
Өмірден мен де бас тарттым.

Жұматай-жүрек лұпілі,
Естілді маған шалғайдан.
Тәнірдің осы үкімі,
Кім асар дейсің мандаидан...



Сабылған сағым санамда,
Тонады көптен күлкімді Ой.
Жар салмай жарты ғаламға,
Үнсіз сүюім мүмкін ғой!





ТОПЫРАҚ

Білмеймін, бұл күндері білдім нені,
Сан сұрақ санамда әлі дүрлігеді.
Өмір атты бұрмасы көп соқпаққа,
Қалай, қайтіп келгенін кім біледі?!

Білмеймін, келе сала жыладым ба,
Арзу айтып Әлемнің шуағына.
Үрымдап үш қайтара есімімді,
Әлдекім айтқан шығар құлағыма.

Жөргектен-ақ бәрін де үқпақ едім,
Сұрлеусіз соқпағында күтті әлегің.
Өмір сырын сол кезде білген болсам,
Бесік жырын тыңдауды құптар едім.

Жазмышымның желине лескеніммен,
Тоғыспас тағдырлардың естелігі ем.
Әр сәби гүл болса егер солмау үшін-
Топырағына өзінің өскені жөн!



ӨЛЕН

«Муза» дер мұнды ақынның бәрі,
Менің есімім – Дарига...
Miras ASAN

Музаны Мирас Дағиға деді,
Өмірден іздең көр енді..
Дарига десем тани ма деді,
Қаламындағы Өлеңді.

Ақ қысы жетсе тірліктің тағы,
Жаныңды аяз қари ма?!

Жыр үшін тамды кіндіктің каны
Мәлім ғой саған, Дағиға.

Өлеңге шөлдеп көп күнің өтті,
Бұлданута да хақың бар.
Жердің бетінде жок құдіретті
Талап етті ме ақындар?!

Олардың жаны табиғат еді,
Көктеммен бірге көгерді.
...Музаны Мирас Дағиға деді,
Әлия дедім Өлеңді!

ӘМІР

Ойларым жолдас боп алды
тұндермен кілен,
Тағатсыз іздеп келемін
күн-бейненде мен.
Кезіге қалсак, жүрегім нұрланса-дағы,
Көрсетем жұртқа сұрланып
ұлгерген рең.

Бақыт та, бақ та біздерді
таниды делік,
Екеуміз жайлы айтпады
фәни күрмеліп.
Ауада үшқан асқақтық ұлпалары да,
Бұл күні менің жанымды
кариды келіп.

Өзіңен өзге кімге енді
тағармын айып,
Салқындығыңдан қалса егер
жанараС мұңайып.
Сағынышыма тұншықсам,
кетер ма екен –
Басымнан бағым, қолымнан
қаламым тайып.



Қалмайтындығын ешқашан
көніл ұқтырып,
Мен емес, тағы мен болып сені
кутті үміт.
Өмір дегенің – жүлдизға
тілегінді айту,
Орындалмасын білсөң де егіліп тұрып!





БАЛАЛЫҚ

Шат күнімді тонады,
Асырып уақыт айласын.
Өмірімнің қонағы-
Балалығым, қайдастың?!

Қасқая қарап құледі,
дедің ба екен тағдырға,
“Өмірді менсіз сүреді”
деп сол қырда қалдың ба?

Күйімді білсең бұқ күнгі-
Кұлыбы жоқ кілтпін.
Ауыр емес жүргінді,
Көтере алмай жүріппін.

Мені енді көрмеске
қолың бұлғап құлдің бе,
Қоштасудың сен кештеу
қиындығын білдің бе?

Шытынаған көнілмен,
Қайтіп бейқам жүр дейсің?
Таба алмадым өнімнен,
Тұсіме бір кіргейсің.



Шарқ ұрғанда шыдам кем,
ұмтылдым кеп тұғырға,
Аяның ба бұл әлде,
қанат бітті шынында.

Төзем түндік ызғарға,
Өзің үшін таң нұрым.
Не күтеді бізді алда,
Саған мәлім барлығы.

Іздеп жүрмін жанымнан
қайғы –қамсыз кезімді,
Балалығын сағынған
бір арманым көз ілді ...



КӨРЕРМЕН

Мені көрдің бе әлемнен,
Мені көрдің бе аспаннан?
Жауындай жұмбак жан ем мен,
Жанынан мөлдір жас тамған.

Жасымды көргін теңізден,
Жасымды көргін бұлтардан.
Мұңым мен сырым егіз бол,
Қуанышымнан «құтқарған».

Жанартау көрсөң сөнбекен,
Дерпті жүрегім – мазасыз.
Ешкім жоқ оған дем берген,
Сіз бәлкім емдең жазарсыз?!

Болмысым осы – драма,
Көремін десөң, ал билет.
Жазмышым үшін жылама,
...Әлем тұр мені әлдилеп.



ЖАУАПСЫЗ СМС

Оғирамын құм қылып жігерімді,
Гыңдармысың мендегі тілек-үнді...
Бір хабарын салар деп, қарайлаймын,
Үзгім келмей үміт пен қудерімді.

Жазған жанның жазасы, жарлығы көп,
Кам көңілім хабарсыз қалды жүдеп.
Қалды жүдеп... хат жаздым бейуақытта:
«Қалың қалай? Жақсы ма барлығы?» деп...

Басталатын, өлеңдей бастэлмаған,
Өзі-өзімді, о, бәлкім, босқа алдағам.
Өзімді емес, бір сенің халіңді ойлаң,
Жеті түнде жанарадан жас парлаған.

Хат жауапсыз... жауапсыз сезім бе еken,
Тағдырдың қайбір сыны төзімге өтем?!
Сен тұтқаны көтермей, мен басымды,
Өз-өзіме боладым өзім бөтен.

Сен үнсізсің...
Үнсіздік жауабың ба?
Жазаң ба бұл, сертің бе, зауалың ба?!

«Ең соңғы хат» дедім де, жолдай бердім,
Шолшан жұлдыз төбемнен ауарында...



СЫЙ

Көктемгі сиреннең,
Көктеуді үйренгем.
Көгілдір жұпарды
Сепкенді үйренгем.

Келсе егер сый бергің,
Сый ең дүр-сирень гүл.
Көктемнің көзінең,
Байқатпай сүйген гүл!

Бақтамын...сиренниң,
Жұпарын сүймес кім?!
Тәнірмен тілдескен
секілді күй кештім.

Сирень гүл түймен қөп..
Сырымды түйгем қөп.
...— Мінекей, сирень, — деп
Қуантса Сүйген кеп.

Көктемде сирень қөп...



ӘН

Откенімнің өткеліне ғұл ектім,
Келер құннен сезілгесін дүр екпін.
Әуеніне Әлем құлақ түретін
Тыңдармысың әнін мендік Жүректің..

Әнін тыңда,
сырын ұғын,
мұңын ұқ,
Мұз жүрегің қалсын содан жылынып.
Жырмен жазған хатын оқып жырта сал,
Көкке үшсын мың құдік пен бір үміт.

Өңін жорып, безіп жүрген түсінен,
Сенің де бар үміттерің үкілі ең.
Сырқатынан айықпаған жаныңа-
Өртке оранған жүрегімнің тұтіні ем.

От құшпаса сезімдердің бәрі ылғал,
Менің сенідік салқындыққа таңым бар.
Әлемге әйгі, әуені- өзің мәңгілік,
Жалғыз ғана әнім бар..

Әнімді тыңда!



КӨГЕРШІН

Көктеммен көңілім көгерсін,
Әткенмен көңілім көгерсін,
Тәбемнен тұнық төгерсін,
Кеудемнен үшқан көгершін.

Сәуірде сәуле себерсін,
Тәуірге тәубе де дерсің.
Қамқор болуға шеберсің,
Аққанат тілек көгершін.

Жылатса тағдыр көнерсін,
Жұбатса таң нұр не дерсің?
Жұбаныш едің жаныма,
Құласам қайтіп демерсің?!

Демерсің бәлкім, жеберсің,
Адалдығыңа сенем шын.
Ақ қанатыңмен қорғағың,
Тосып тұр алдан нелер сын...

Келер күндерде көп еншім,
Бар сынағыңа көнем шын.
Балалығымды алып келерсің,
Кегеннен үшқан көгершін!

Кеудемнен үшқан көгершін...

ШЕШІМ

Менің жиырмадан асқан Мұңдырым,
Мен де өзіңдей мұндымын.
Он сегіз мың ғаламда,
Саған қымбат, маған да!
Құдіретті Алланың
Аманаты адамға –
Жүргіміз, жанымыз,
Тауыпты іздең бір-бірін.

Кеше,
Мені ойламайсың деп едім:
Өкпеледі өлеңің.
Қыр гүлдерін үзгеніңің себебін,
Жырдан моншақ тізгеніңің дерегін,
Мені сонша іздеуіңің себебін,
айту үшін –
Шалқар көлің шулады,
Көк теңізің тулады,
Сенің мені, туғалы-
Шым-шытырық тағдырдан
Іздегенің туралы..



Бәрі айтты..
Сезіміңе сенеді.
Өкпелетпе өзіңе іңкәр Өлеңді!
Жоғалтпауың үшін сенің мені енді
Тек өзімді сыйдыра алар кеуденде,
Мәңгі-баки ғұмыр кешкім келеді..





БӨТЕН

Ақ пейілін әлі күн гұл деп терем,
Ақ парағын жанының кірлетпеген.
Менің анам өзіңді оқымайды,
Білесің бе, неліктен, құрметті Өлең?!

Бақ пен соры көлбендең көз арбаған,
Жазмышынан қай кезде озар адам.
Тірессе де тағдырмен талай мықтың,
Анам кешкен дүрмекке төзе алмаған.

Жүргегінің тұсынан лұпілдеген,
Мен едім ғой үміті үкілеген,
Бұл жанкешті ерлігі үшін оны,
Ардақтамай жүр неге бүкіл Әлем?

Бірге өткізген шуақты күн көптеген,
Сыңарыңды сондықтан құрметте, Өлең!
... Анам енді өзіне арналмайтын,
Бөтен жырға білмеймін жүр ме өкпелеп.



ОНЫҢ МОНОЛОГЫ

Мүмкін емес сағынбауың мені енди,
Жанарыңда мұң малтыса, ой жүзіп.
Өксігінді, маған жазған өлеңді,
Жүргегіңнің ошағына қой тізіп.

Өмірінді, сен іздеген Өзінді,
Бізге мәлім естеліктің барлығын,
Мені.. сосын шат-шадыман кезінді,
Сәл сараңдау сабырыңың жарлығын,

Бәрін-бәрін.. өзектегі өкпенді,
Бізді қоспас бұл қатығез ғасырды,
Бір жүріп те үлгермеген көк белді,
Өртеп жібер, тамызық қып жасынды.

Солай ғана «бақыт» тауып бір уак,
Солай ғана қателігің түзелмек.
Жалын құшқан жүргегінді жұлып ап,
Сағынышқа егілерсің тізерлеп.



БІР ҚЫЗ ЖАЙЛЫ ЖЫР

Сезімі көнбейтін ырыққа,
Төзімі таусылмай сары алтын.
Ойлайтын отырып, тұрып та,
Ол үшін ең қымбат адамсың.

Уақытты өтпе деп қорқытты,
Бақытты барынша сыйлайды.
Ең арзан ойларға ол тіпті,
Өзінде ешқашан қимайды.

Ғұмыры ғарыштың ғазалы,
Бұл жалған оған шын жырақ па?
Демімен дертінді жазады,
Дәруіш емес ол бірақ та.

Қайтқан құс жанының бөлшегі,
Сөзіме сенбессің, сенерсің.
Сағынған сәтінде ол сени..
Қанатын қомдайды көрерсің.

Тірлікке ауа мен керек су,
Сен оған қажетсің соншалық.
Ол үшін есімің ерек тым,
Айтпайды әлемге жар салып.



Көз жасын көрсетпей ешкімге,
Жассыз да жылайды күні-түн.
Ол бүгін тағы отыр..
Сездің бе?!

Кірпікте әлдилеп үмітін.





ОРАЛУ

Желтоқсанға жиі артасың неге жүк,
Кеткендіктен шығар, бәлкім, мен еріп.
Ештеңеге өкінбеймін деуші едің,
Бір-ак мәрте өкінішке бер ерік.

Көнілдерден күн сәулесін қызғанып,
Желді мезгіл ажыратты-ау бізді анық.
Екеумізді кездестірген маусымға,
Қиялыммен келіп жүрмін жүз барып.

Ишарамды ұқпай қалған кезің кем,
Төзіміңді әлдилей бер көз ілген,
Шуақ шашып оралам деп мен саған,
Желтоқсанды алыш кеттім өзіммен.

Өкінішсіз өмірді бұл өре қып,
Еш әнде жоқ бір әуезге бөленіп.
Сәби-сезім былдырлайды бесікте,
Тағдырына етеміз біз төрелік.



**«Он жетіде жүрттың бәрі ақымақ! -
Маусым. Ұмырт. Шулы кафе ішінде.»
Әмірхан БАЛҚЫБЕК**

«Он жетіде жүрттың бәрі ақымақ!», –
Әмір көкем көрген екен бақылап.

Ақымақ шақ артып маған тағы жүк,
Сенімен һәм Жалғыздықпен танысып.

Шөл–ғұмырға көл-сезім бол төгілсең,
Саған арнап жыр жазар ем өміршең!

Машақатын сезінген соң Маусымның,
Өкпеледім. (Өкіндім, көп таусылдым.)

Маусымдағы он жетінің әлегін,
Көкемдей-ақ түсіне алар қане, кім.



ТАҢҒЫ СЫР

Өмір-ойын...
тағы да мен ұтылдым,
Сен кеткелі үйірсек боп бүкіл мұн.
Жастығымды айырбастап алдым мен
Қанатына үйқысы жоқ үкімнің.

Таппағасын дауа болар емге түк-
Қара түннің қасіретін тең бөліп,
Ұрттап алып, өлең жазып отырмын,
Сен болып...

Қабағына қарамадым жалғанның,
Осы сәтте өз-өзіме таң қалдым.
Сезім тіккен көнілімнің кестесін,
Сен кеткелі сетінетіп алғанмын.

Жаратқанның жазуына көнген ек,
Тағдырымыз бөлек деумен жол бөлек.
Тілеуінді тілеп журмін түндерде,
Таң алдында күбірледің сен не деп ?!



ЖОЛДА

Еламан Хасенұлына

Сезімді көрдім –
бұлбұл боп бақта сайраған,
Төзімді көрдім –
сабырға арқан байлаған.
Не көрмейді адам, көніл көзімен
қараса,
Жүргім менен жанымды көрдім
айнадан.

Уақытты көрдім –
жылдарға еріп әрі үшқан,
Бақытты көрдім –
балалығыммен жарысқан.
Аялдай тұршы,
дәл осы жерде мен кеше,
Тағдырдың талай тосқауылымен
танысқам.

Жақынды көрдім –
тамшы болса да тасыған,
Ақынды көрдім –
дерт еміп өскен жасынан.
Мен бұл ғаламнан Өлеңді көргім келеді,
Сол үшін бәрін бастасам ба екен басынан?!



ӘМІР

Мөлтілдеген шықтардың-
Гүлдер шығар отаны.
Күншығыстан шыққан Күн-
Батысқа кеп батады.

Түнек түннің нұрын сез,
Болмаса да ол иғі.
Жан жібіткен жылы сөз-
Жүректерде ериді.

Мекені бар бәрінің,
Бағыты бар бір ғана.
Жүрегіңің әмірін-
(кешіктің бе?)
Тыңдама!

Жұлдыздармен еңселі,
Махаббаттың аспаны.
Қозғамайын мен сені,
Темірқазығы басқаның.



ЖАУАП

Алғашқы қармен өзінен жеткенде
хаттар,
Аңсарым ауып бейнеңе көктен
мұнартқан.
Күлімдеп көзім тұрғанмен, жүрегім
ән сап,-
Көнілімде ауыр жүгі бар көктемнің
артқан.

Жырыма сіңсе сағыныш, сырима сезім,
Көндіге алмайтын көніл бар мұны
қайтемін?!

Күбір де күбір көп сөзден ақтап
алатын,
Ақ ұлпа сынды кіршіксіз жырың-ай
сенің!

Түнекте жалғыз өзінді тұрмын
сағынып,
Неліктен жүрсің заныңа мұңның
бағынып.
Көктің төсінен әнекей бір жұлдыз ақты,
Тілегімді айтпан, үзгенмін жұлдыздан
үміт.



Мен бүгін тағы атырдым таңды
курсініп,
(Үйқыға кеткен секілді мәңгі тіршілік)
Тұгесілгенде хаттарың келсе ғой
Көктем,
Жауабым сынды көрдің бе, қалды күн
шығып.





СЕЗІМ

Сенен хабар жеткізді құстар бүгін,
Ыңтызармын, қаламас үшқанды кім.
Ұмытуға бекіндім..
тағы міне,
Күрмеуге келмей қойды қысқа жібім.

Ұмытуға ғажайып күйімді әлгі,
Шимай көніл аңсаумен шырланды.
Қолын бұлғап барады біз күткен бак,
Кетпейдідейдіғой жүртбұйырғанды...

Мен есімнен адасып барам-ау шын,
Тірімін ғой, өзің де бар адамсың.
Ұмытамын!
қайғы-мұң бәрі кетсін,
Саған деген Сағыныш ғана қалсын.

Құс секілді ұшудан ұмітті бол,
Жерде соғу қызынын біліп Жүрек.
Сезім жібін амалсыз үздім қазір,
– Ұмыттым.. Ұмыттым, – деп.

САУАЛ

Көктемді күтем дегенше,
Қой қоздап кетті дегейсің.
Өртеніп бітем дегенше,
Ой маздалап кетті дегейсің.

Суықтан тоңдым дегенше,
Жаурады жаным дегейсің.
Жалғанға сендім дегенше,
Аллады бәрі дегейсің.

Өртеніп біттім дегенің –
Болмады сенер ешкімің.
Көктемді күттім дегенің –
Көрдің ғой оны кешкүрым.

Жалғанға сендім деген үн,
(Сен емес болсаң, кім деймін...)
– Не дейсің бұған, Өлеңім?!
– Білмеймін!



ӨЗІМЕ

Білемін, білем: албырт сезімің
бастады сені бұл жолға,
Жалғыз қалғанда жаныңның даусын
тыңда онда!
Өзің орнатқан түнекке жарық болатын,
бар шығар біреу, баз кешіп кетпе
біржола.

Жамай бермеші жүргегіңе де текке мұң,
Жолы болсын кеткеннің!
Күтпеген жерден қуантса-дағы біруақ,
Өмір бұл – өмір,
оны ертегі деп па едің?!

Өзге жанаармен ғаламға қарап көр,
еркем,
Қасындан тіпті табылмай қалса
көлеңкен.
Жеріндің бүгін сезімнің сатқындығынан,
Ұмытыларын білмедің бірақ сен ертең.



СЕН

Тірегі-мұң, көргенімнің:
шаттығымның, құлкімнің.
Естілмен ед жерден үнім,
Аспан жақтан күрсіндің.

Ойым-ойран, күйреп көңіл,
Бақ достасып сорыммен.
Құлауды да үйретті өмір,
Жыламастай болып ем.

Өткеніме тақпай мін көп,
Тарап тұрмын кекілін.
Сені тағы ақтаймын деп,
Өлеңіңді оқыдым.

Дұрыс болар ұғысқаным,
Күтіп жүрмін күнді ұлы.
Көңілімнің хрусталін,
Сатқындығың сындырды.

Ұмытамын, жоқ кедергі,
Сүйетінім – бар кінәм.
Жерден іздең Көкке жолды,
Қиялыммен қаңғырам.



Менің мұнда көрерімнің-
Бәрі жалған, соны ұқтым.
Саған жазған Өлеңімнің,
Киесінен қорықтым.

Жерге мені қалдырыдың да,
Аспан жақтан күрсіндің.
Өзінді емес, барлығын да,
Ұмыттырған кімсің,
Кім?





СЫНЫҚ СЕЗІМ

Беймезгіл тарқатқасын бақ бұрымын,
Күлі де көкке үшты шаттығымның.
Сен жайлы қаламымның ақиқаты,
Жас болып жанарымнан ақты бүтін.

Екеуміз екі бөлек самғау үшін,
Қош айтыстық тыңдамай жан дауысын.
Осылай болғаны да дұрыс шығар,
Өлеңді өкінішке малмау үшін.

Сыңары бар сырына сай бәрінің,
Үзбей жүр ғой үміттің Ай да жібін.
Әттең-ай, көрсөң өзің сағыныштан,
Әр күнімнің түнекке айналуын.

Қатар ұшу көгіне бұйырмаған,
Сірә, мен көңілімнің күйін бағам.
Менің жалғыз қанатым сынғандықтан,
Енді сенсіз қалықтау қын маған.



УӘДЕ

Әлеміңе бұғаулайын дедің бе,
Тұңғымды лайлайын дедің бе,
Көз алдымда бағы болып басқаның,
Ұлпа сыңды қылаулайын дедің бе?

Ақ жанымды қаралайын дедің бе,
Таңдауыңды саралайын дедің бе,
Жапан түзде мені жалғыз қалдырып,
Артыңа бір қарамайын дедің бе?

Шырағымды өшірейін дедің бе,
Сағынбаймын деші, дейін дедің бе,
Тағдырымды жырыма да сыймаған,
Көкірегіңе көшірейін дедің бе?

Шат күлкіге зар қылайын дедің бе,
Кеністікті тар қылайын дедің бе,
Пенделіктен әркез·биік тұратын
Көңілімді қалдырайын дедің бе?

Көз алдына тұнады айдын дедің бе,
Хал-жайын да сұрамайммын дедің бе,
Жаспен ағып кетпеу үшін сел-Сезім,
Енді ешқашан жыламаймын дедім мен!



МУЗАҒА НАЗ

Бес күндікті бос өткізу шаттық деп,
Жүргендерге алтыншы күн – төреші.
Өлеңі емес даңқы жайлыш дақпырт көп,
Сол қырттардың жолы болғыш
неге осы?!

Жарамсақтау жалғанға айтып
шындығын,
Сенен ұзак сүреді олар өмірді.
Шайыр үшін кесілді де кіндігің,
Өлең деумен соңғы қаның төгілді.

Момын мұнды асқақ жырға балайды Ар,
Аңсар болып тіл қатады маңайға.
Мың үйқыны бұзған сендік өр ойлар,
Жалғыз жырға айналуы оңай ма?

Жауап іздең жұмбағыма күледі Ес,
Ғазалымды жұбатады сия көк.
Ақылдыға қайғы алдыру-түк емес,
Ақымақты ойландыру- қиямет!



ӨКІНІШ

Құштарлық пен қос өрлік болып егіз,
Шыға алмасақ сезімнің көгіне біз,
Саған берік байланған жырымды емес
Құлындај жүрегімді желіден үз.

«Естеліктер қалады-ау енді ескіріп»,
Оңашада мұңайма сен кешкілік.
Мені ойдың тағынан құлатам дегі,
Тұнгі сырның қалмасын желге естіліп.

Аңы өмірді жіберген сүйікті ғып,
сезім үшін самғайды биікке үміт.
Сүймеу деген сөз емес, –
Откеніңді
ұмытуға тырысу, сүйіп тұрып.

Құлазыған көңілге көктем керек,
Жалғыз өте алмайтын өткелдер көп.
Бәрін-бәрін ұғарсың іңкәрлігің,
Өкініштің шанағын шерткенде кеп.



СЫР

О, күрдас, біздің жүректе,
Он жеті Көктем қурады.
Кіршіксіз аппақ тілекпен,
Арманды қудық туғалы.

Сәруәр шуақ тағы да,
Айналып бізге келмейді.
Жаңбыр жауғанда жаныма,
Бір өксік маза бермейді.

Қимасым едің аяулы,
Сақтаған сәби шағымды.
Бір үміт бұғін оянды,
Өткенін ол да сағынды.

Құрдасыңа айтшы бір емін,
Шоқ па бұл, әлде от па еді?
Әртеді неге жүрегін,
Он сегізінші көктемі.



КҮЗ-ҚӨҢІЛДІҢ ҚҮЙЛЕРІ

I

Қоңыр Күз, қош келдің,
Кош келдің, қастерлім!
Қат-қабат қайғысын,
Қайтерміз басқа елдің?!

Барыңа сенгенмін,
Сеніммен емделдім.
Саябақ саялап,
мен кеттім –
сен келдің.

Неліктен кеш келдің,
Өзіңсіз не істермін?!

Толағай тағдырға
Келмей жүр дес бергім.

Көзімнен көшкен мұн,
Өзіңе лескен күн.
Куәсі өзіңсің-
Жабырқау кештердің...

Кош келдің, қастерлім!



II

Саябақ...
күйім болмай тұқ,
Отырмын біздің әнді айтып.
Сағынышым ғой жіберген –
Жапырақтарды сарғайтып.

Күйбен тірліктен тыс қалдым,
Сен жаққа көнілім құштар тым.
Мұнымды жазып ұшырдым,
Қанаттарына құстардың.

Жасынға қарсы бұлқынып,
Жауа ғой, қане, бұлт-уміт.
Құдік пен күмән көбейіп,
Жалғыздық отыр күрсініп.

Демесен әуен құбылған,
Сол ән ғой,
біздің бұрынғы ән.
Жапырақ тағы үзілді,
Үзілді – салқындығынан.



III

Көк пен Жерді күнірентіп,
Сіз келді ме деп қалдым.

Сол баяғы Мұның ертіп,
Сіз келді ме деп қалдым.

Сағыныш кеп есік қақты,
Сіз келді ме деп қалдым.

Мың Мұң менен кетіп қапты,
Сіз келді ме деп қалдым.

Аспан жақтан арман тұстім,
Сіз келді ме деп қалдым.

Бұрынғыдай алданғыштын-
Сіз келді ме деп қалдым.

Күз келіпті бұл өмірге,
Сіз келді ме деп қалдым.

Күз келіпті – Жүрегіме,
Сіз келді ме деп қалдым.



ҰМЫТУ

Шегі жоқ ойлар қонақтап санама небір,
Тенізін ансап шарқ ұрды шағала-көңіл.
Қашықтықты да елемей, келмейсің неге,
Киялмен барып қайтамын саған әйтеуір.

Сағыныш деген – өнер ғой мұсіндей білсен
(Осының бәрі ұмытпау үшін дейсің бе?)
Көзден кетсөң де, көңілден кетпей
жүргенің
Тынышымды алды..
Әй, бірақ түсінбейсің сен!

Сезімнен бөлек маған шын өкпелі
екен кім,
Өзіңнен өзге тірегім жоқ деп өтермін.
Жадынан мәңгі өзімді өшіртіп алып,-
Өкінішімнің тостағын көкке көтердім.



СЕНІМ

Жұмекенше

Менің жайым бола қоймас елге мұн,
Сәттерім көп сезімге еріп сүрінген.
Жалған атты ақиқаттан түңілгем,
Жерледі кеп үмітімді сенгенім.
Түңғыш рет өмір сүрдім бүгін мен-
Ақтамай-ақ сені сыпсың сөздерден
Қалай жылдам өзгергем?
Қол ұстасып кетіп барам шыныммен.
Ұға аламын жанның сырын кез келген,
Қазір көрген көшеден.
Диуана ғып жібере ме осы Өлең?
(өз-өзіңен безгенмен...)
Мұлде басқа адам едім бұрын мен,
Ғажайыпқа сенетінмін өлердей,
Сол сенімім өлмесе еken мен өлмей!
Сүйгендіктен сені осы түріммен-
Сағынышым бермесін деп тереңдей,
Сәл жымышп тілейінші саған бак,

О,несіне қарай бердім алаңдал,
Артымнан сен келердей ?

YMIT

Сезбеген мұным өзің бол,
білмеген қайғым,
Жаңылдым кенет ретінен
Күн менен Айдың.
Алақанымды тоңдырды аязы қыстың,
Ал сен ше,
ыстық құшакты қімдерге жайдың?!

– Берші, деп маған, – моншақтай
мұныңдан бөліп,
Беймезгіл келіп ойланты
бүгін әлдекім.
Бөліспек тұғіл, өзіме қия алмай жүрген,
Жайнамазымдай жырыңа
жығылам келіп.

Жанарым жасты жаратпай,
жүрегім жүкті,
Қарашиғыма қимастық түнеді тіпті.
Екеумізге ортақ сезімді қоңыраулатып,
Күдік пен күмән есікten күле кіріпті.

Шенберлеріне сыйдырmas
сөзін де елдің,
Қалдырып неге кетпедік өтіне желдің?!
Тұманнан торғын оранса шаһарың,
сол сәт-
Ақ үмітімді жетелеп өзіңе келдім.



ЖҮРЕК

Қатал мезгіл өзгерткен ұстанымын,
Күз-гүлінің ғұмыры қысқа, күнім.
Қоштасқанда тек үнсіз кете бардым,
Қажеті болмағасын тіс жарудың.

Қашықтадың...
Сиқырың бар-ау сенің,
Шарпыды кеп қеудемді алау-сезім.
Ұмыттың ғой әйтпесе жанарыма,
Ең соңғы рет, соңғы рет қараушы едің.

Кім ұмытса күнәсі басымырак,
Қимастықтың басыма тасы құлап,
Өсегі көп, сөзі көп бұл ғаламнан,
Жүрегімді мен жүрмін жасырып ап.

Жүрек-кеме, сезім-жел, сана-желкен,
Іздеп сені шалғайға барам ертең.
Өзінді аңсап бұлқынған мына жүрек,
Келсең егер кілт тоқтап қалар ма екен?!



СЕҢІҢ КҮНІҢ

Көктеменің бір күні бар,
Ерте келер өзінен.
Сирень-гүлдің бүршігін әр,
Сырласымдай сезінем.

Мен ол күні шаттанамын,
Жүрегіммен ән салам.
Шұғыламмен мақтанамын,
Көктемімді қарсы алам.

Төгілердей шуақ көктен,
Менің ерек күнімде.
Көп күттіріп бірақ көктем,
Келеді ғой түбінде.

Ойламайтын болып алдым,
Безбүйрекпін көптен мен.
Жақын шығар жолығар күн,
Келуші ең ғой көктеммен.

Жүгі ауыр, көші мұнды,
Көңілдегі арбамның.
Сен келер деп осы күнді
Тек өзіңе арнадым!



СОНҒЫ СӨЗ

Жегідей жеген жанымды бар еді
бір мұн,
Үйқысыз түндер болып жүр қорегі
жырдың.
Күндердің сенсіз тізбегі көгімнен ұшты,
Уақыттың уы, әлде бұл әлегі жылдың.

Әлегі жылдың жүректің отын өшірген,
Сағынамысың, шынымен өкінесің бе?
Көнбістің күні – қысқа да,
түні ұзак білсең
Келіседі екен бәріне бекіне сүйген.

Жүрегінді тот баспасын, басынды
тұман,
Мен қайда, күнім, кетейін асып
жырымнан?
Күрсінісі көп жылдарға не айтам енді:
– Жалғызды сую – жүректің
асылдығынан!



САҒАН

Жүргімнен сұрадым да кешірім,
құлыптағым есігін.
Мен өлсем де жыр боп лұпіл қағатын,
Қалды онда мәңгі сенің есімің.

Жақын санап жатты да мен жаңылдым,
Іштегіңің ұғар дейсің бәрін кім?
Есіміңді ән еткісі келген құс,
Сығалап жүр терезесін жанымның.

Не істей алам тұншықтырса ауа-мұн,
Өртейін бе өмірімнің парағын.
Жүргімнің сүйенері сен ғана,
Мен де оған бөтен болып барамын.

Көктен түссе ел көрмеген құдірет,
Жыр оқырмын ақырғы рет, бір рет.
Жүректегі есіміңді ерінім
Ежіктеген күні кеп...

Егілме!



МЕНИҢ ЖЫРЫМ

Иығына жыр қонды сезімімнің,
Сәуле-сәлем жолдайды өзі Күннің.
Қаламымды матырып қара тұнге,
Ақ қағазды мен талай мезі қылдым.

Жырым менің жаныммен егіз білем,
Толқындары тулаған теңіз білем.
Жаратушы жаратса сені қалай,
Өлеңім де жаралған ең ізгіден.

Мейлі өмір өкінтсін, әурелесін,
Асып келем сан қырын, сан белесін.
Жүрекке сен, сүй соның нұсқағанын,
Осы менің айтатын бар кеңесім.

Ойларымның отауы, үйі – күмән,
Үміт күліп қояды миығынан.
Сипап тұрмын шоштып алмайын деп,
Сезімімнің жыр қонған иығынан.



БЕЛГІСІЗ ҚАЛАДА

Үнсіздікпен жан дертімді емдеғем,
Мені сендей ұға алмайды енді өлең.
Өзім сынды адам едің өмірден,
Ақ қанатты періштені көрмеген.

Бақтың өзі жамылып ап сор атын,
Құсы да жоқ кешігіп кеп қонатын.
Сенбеймін мен ғажайыпқа сондықтан-
Жүргімнің қанаты аппақ болатын.

Тағдырым бар қойылымдай көп көрім,
Ұшырдым да қөнілімнің кептерін.
Саған ғана тұрдым сонда параптап,
Құпиялы ғұмырымның дәптерін.

Біздікі рас жеке шаттық, жеке мұн,
Бүгін мен де бұл қаладан кетемін.
Бар күнәнің сүйіспеуге міндетті,
Бастамасы болды ма екен екі ерін?!



МОЙЫНДАУ

Асаулау шығар тағдырым,
Өзім де момын емеспін.
Айтар ем бұкпей барлығын,
Түсінбейді, әттең мені ешкім.

Ақылы жетпей Айдың да,
Жүр үқпай әлі жұлдыздар.
Шұғыла сынды қайғым да,
Шаттығым шалыс тұнгі ызғар.

Жазмыш жолына көніп құр,
Беттеп барамын елсізге.
Жүрегің сенің соғып тұр,
Өмірің ғажап менсіз де.

Сырқатым-өлең, түсі ағпак,
Сен білсең, қане, айт емін.
Қасіретімді құшақтап,
Кете берем бе қайтемін?!

Асаулау шығар тағдырым,
Өзім де момын емес ем.
Иесі Көкте бар жырдың –
Жерде мен жазды демесең.



МАЗМҰНЫ

Ақ бата	3
Кездесу	5
Аспантауға арнау.....	7
Ақын.....	8
Гүл	9
Кешірім	11
Жоқтау.....	12
Кегенім – менің өлеңім	14
Мұнара	15
Тағдыр	17
Жаңа жыл	18
Көктем	20
Мәскеуден хат	21
Топырақ.....	23
Өлең.....	24
Өмір	25
Балалық.....	27
Көрермен.....	29
Жауапсыз смс.....	30
Сый	31
Ән	32
Көгершін	33
Шешім	34
Бөтен.....	36
Оның монологы.....	37
Бір қыз жайлышы	38



Оралу.....	40
«Он жетіде жұрттың бәрі ақымак...»	41
Таңғы сыр	42
Жолда	43
Әмір	44
Жауап.....	45
Сезім.....	47
Саяал.....	48
Өзіме.....	49
Сен.....	50
Сынық сезім.....	52
Уәде	53
Музага наз.....	54
Әкініш	55
Сыр	56
Құз-көңілдің күйлері.....	57
Ұмыту	60
Сенім	61
Үміт	62
Жүрек	63
Сенің күнің	64
Соңғы сөз	65
Саган.....	66
Менің жырым	67
Белгісіз қалада	68
Мойындау	69



ӘЛИЯ ІҢҚАРБЕК

ТӘҢІРТАУ

Редакторы: Ә.Оспан

Корректоры: А.Төленді

Беттеуші дизайнер: А.Бақбергенқызы

Техникалық редакторы: Н.Сүйеубекұлы

ИБ № 171

Басуға 11.05.2015 ж. қол қойылды.

Пішімі 60x100 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.

Қаріп түрі «Palatino Linotype KZ».

Көлемі 4,5 шартты баспа табақ.

Таралымы 1000 дана.

Тапсырыс № 171

«ҚАЗАКПАРАТ» баспа корпорациясының баспаханасы



Элия Іңкәрбек 1997 жылы Алматы облысы, Райымбек ауданында дүниеге келген. Республикалық жыр мүшайраларының жүлдөсөрі.

XVII Халықаралық «Шабыт» фестивалінің Ф. Онгарсынова атындағы арнайы жүлдесінің чөгөрі.

